

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 11)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Күн электр станциясы 20 кВт	<p>1) Күн панельдері – 36 дана (LONGI HI-MO X-10 645W MBB – технологиясы Қуаттың сызықтық төмендеуіне 30 жылдық кепілдік Hot 3.0 – технологиясы)</p> <p>2) Инвертор – 1 дана (DEYE 20 кВт желілік инверторы, 3-фазалы (Қазақстан үшін арнайы)) Фазалар саны: Үш Күн станциясының максималды қуаты: 25 000 Вт Күн станциясының максималды кернеуі: 200–1000 Вольт Контроллер түрі: MPPT Қорғаныс класы: IP66 Кепілдік мерзімі: 5 жыл</p> <p>3) Кабельдер / DC және AC қорғаныс автоматтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Күн панельдерін инверторларға қосуға арналған кабель • Инверторларды өзара жалғайтын кабель • Инверторлардан кернеу шығару кабелі • MC4 коннекторлары • Қорғаныс автоматикасының толық жиынтығы <p>4) ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖ ЖҰМЫСТАРЫ (ҚМЖ):</p> <ul style="list-style-type: none"> • Күн панельдерін орнату және бекіту • Инверторларды орнату • Күн панельдерін коммутациялау • Күн панельдерін инверторларға қосу • Инверторларды коммутациялау • Кабель жолдарын төсеу <p>5) ІСКЕ ҚОСУ-РЕТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ (ІҚРЖ):</p> <ul style="list-style-type: none"> • Барлық қосылымдарды тексеру • Сынақтық іске қосу • Қорытынды іске қосу және пайдалануға тапсыру 	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі. Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.